

«Ailin» balalar bobekjai bagshasy» ЖШС
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 1

Өткен күні: 31.08.2023ж.

Қатысқандар: Педагогтар

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі
2. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы
3. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы.
4. 2023 - 2024 оқу жылына бөбекжай жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.
5. Жаңа 2023 - 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.
6. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.
7. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырма беру және бекіту.
8. Аттестация комиссиясының құрамын сайлау.
9. Дамыту орталықтарының құрамын бекіту.
10. Шығармашылық топ мүшелерін сайлау.
11. Әртүрлі тақырыптарды талқылау.

ТЫНДАЛДЫ.

1. Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.
2. 2023-2024 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
3. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.
4. Әрі қарай әдіскерлер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.
5. Бөбекжайға жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психолог таныстырып өтті.
6. Жаңа 2023-2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және

2023-2024 оқу жылына бөбекжай міндеттерін меңгеруші ДЖ.М.Бердиева бекітті.

7. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші М.Давидбекова бекітті.
8. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырманы беріп меңгеруші М.Давидбекова бекітті.
9. Аттестация комиссиясының құрамын меңгеруші М.Давидбекова сайлады.
10. Дамыту орталықтарының құрамын меңгеруші М.Давидбекова бекітті.
11. Шығармашылық топ мүшелерін меңгеруші М.Давидбекова сайлады.
12. Әртүрлі мәселелер талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Бөбекжайға жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Педагог-психологтың ұсыныстары ескерілсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі бөбекжайға келуге ынталандырсын.
4. 2023-2024 оқу жылына арналған бөбекжайдың жылдық міндеттері бекітілсін.
5. Күн тәртібі, ҰІӨ кестесі бекітілсін.
6. 2023-2024 оқу жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.
7. Дамытушы орталықтар бойынша бөлінген педагогтер бекітілсін;
8. Аттестация комиссиясының құрамы бекітілсін
Төрайымы: М.Давидбекова
Комиссия мүшелері – А.Ажибайова;
Хатшы – Ж.Сапар.
9. Шығармашылық топ бекітілсін
Жетекшісі – Ә.Ыбраева;
Топ мүшелері – Д.Мустафаева;
Хатшы – Ж.Сапар.
10. Хатшылар бекітілсін,
Педагогикалық кеңестің хатшысы – Ж.Сапар;
Меңгеруші жанындағы өндірістік жиналыс хатшысы – Ж.Сапар;
Семинарлар, кеңестер хатшысы – Ж.Сапар;

Өндірістік кеңес хатшысы – Ж.Сапар;


11. Педагогикалық этика бойынша кеңестен шығып кеткен мүшелері толықтырылсын және бекітілсін.

Педагог-психолог – М.Ералиева;

12. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.

13. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



М.А.Давидбекова

Хатшы:

Ж.Сапар

«Ailin» balalar bobekjai bagshasy» ЖШС

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 2

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, жанды және жансыз табиғат объектілерін, құбылыстарын білуге құштарлығы мен саналы - дұрыс қатынастарын дамыту».

Өткен күні:

26.10.2023

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.
2. Топ балаларының І-ші квартал бойынша сырқат қорытындысы.
3. Кітаптар көрмесінің қортындысы.
4. Серуеннің картотека көрмесі.
5. Еңбек және техника қауіпсіздігін сақтау.
6. Тәрбиешілерді озық іс-тәжірибелерді, жаңа шыққан бағдарламалармен таныстыру.
7. Әр түрлі.

Шешімі

1. І тоқсан бойынша топ балаларының аурушандықтарын талдау қанағаттанарлық деп саналсын. Бөбекжайдың барлық қызметкерлері тазалық, сақтық шараларын сақтасын.

Педагогикалық шеберлік аптасы бойынша талдау қанағаттанарлық деп саналсын.

Ұсыныстар:

- Балаларға экологиялық білім беру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Балалардың сөйлеу қабілетін арттыруға ерекше назар аудару.
- Балаларға ашық (жуан) сұрақтар қою арқылы өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.

- Педагогтерге сөйлеу сауаттылығын бақылау.

2. Балалардың психологиялық диагностикасының нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Тәрбиешілер педагог - психологтың ұсыныстарын орындасын.

- Педагогтерге ақпараттық технологияларды игере отырып, өзін-өзі дамытуға ұмтылу.

- Бөбекжай тәрбиеленушілерін жан-жақты дамыту үшін бейнеойынды мүмкіндігінше көп қолдану.

3. Кітап көрмесінің қорытындысы бойынша марапатталды:

Ұсыныстар:

- Кітап көрмелеріне қатысқанда тәрбиешілерге тақырыпқа сәйкестігін, көрнекілік және мәтіндік материалдардың балалардың жас ерекшелігіне сәйкес болуына, сонымен қатар дизайндағы эстетикаға ерекше назар аудару.

● Шығармашылық пен креативтілікті көрсете отырып, ата-аналарды кітап жасауға тарту. Ата-аналарға тақырыптың нақты мәнін жеткізу.

4. Серуеннің картотекалары көрмесінің нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Ескертулер болған топтардың тәрбиешілері түзету жасап, күннің белгілеу дейін тапсыру. *жауапты әдіскер.*

5. Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер еңбек қызметі процесінде қызметкердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастыру, техникалық, технологиялық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және өзге де нормаларды, ережелерді, рәміздер мен өлшемдерді белгілейді. Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуді және бекітуді еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қызметтік немесе еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маманның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындау жөніндегі нұсқауларын ұйымның барлық қызметкерлері орындауға міндетті.

Сөз алғандар. тәрбиеші М.Ермахан сөз алды. Меңгерушінің сөзін толықтырып өтті. Жұмысқа қабылданған адамдар кейіннен олардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білім міндетті түрде тексеріле отырып, жұмыс беруші ұйымдастыратын алдын ала оқытудан міндетті түрде өтеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша алдын ала оқытудан, нұсқама беруден және білімін тексеруден өтпеген қызметкер жұмысқа жіберілмейді.

6. Меңгеруші М.Давидбекова сөз алды. Бөбекжайдан шыққан озық іс-тәжірибелерді тәрбиешілерге таратып шықты. «Ailin» balalar bobekjai bagshasy» ЖШС «Тіл дамыту» кітаптарын үлгі ретінде көрсетіп, біз де осылай озық іс-тәжірибелеуді жинақтап, таратуымыз керек. Қазіргі таңда түрлі «Балбөбек» «Алғашқы қадам» «Зерек бала» т.б бағдарламалармен жұмыс жүргізіп жатқандығын айтып өтті.

Бағдарламалық кітаптар балалардың жас ерекшеліктеріне сай шығарылған. Ішінде дайын үлгілер көрсетілген.

Сөз алғандар. Тәрбиеші Д.Мустафаева ол сөзінде, менің тобым ортаңғы болғандықтан, «Зерек бала» бағдарламасын алдым. Онда арнайы осы топқа арналған күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің оқу жүктемесі берілген. Апталық жоспардың да екі-үш дайын үлгілерін көрсетіп қойған. Мен, осы бағдарламамен жұмыс жүргізіп отырмын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  М.А.Давидбекова

Хатшы:  Ж.Сапар

«Ailin» balalar bobekjai bagshasy» ЖШС
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 3

Өткен күні:

29.12.2023

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
 2. Балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуының талдауы.
 3. Мониторинг есебі
 4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті «Менің отбасым» ересек топ
 5. «Ертегілер еліне саяхат» Ортаңғы топ.
-
1. Тыңдалды. Б/б меңгүшісі М.Давидбекова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде баяндады.Әр топтың тәрбиешілері өтілген ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жақсы көрсетіп шықты.
Сөз алғандар.Тәрбиеші Ш.Абдилакимова сөз алды. Мен, ортаңғы топтың ашық ұйымдастырылған іс-әрекетіне кірдім. «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында жақсы деңгейде алып шықты.
 2. Тыңдалды. Тәрбиеші Б.Мутиева сөз алды. Бөбекжайдан бір жарты жыл бойы тәрбиешілер балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылықтары жайлы көптеген жұмыстар атқарады. Балалардың физиологиялық дамуын толыққанды қамтамасыз ету үшін мына факторды ескеру қажет.
 - 1) Көңілді эмоциялық ахуал мен тиімді гигиеналық жағдайларды жасау.
 - 2) Нақты қалыптасқан күн тәртібімен қамтамасыз ету
 - 3) Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру
 - 4) Бала ағзасын жүйелі түрде шынықтыру
 - 5) Физикалық жаттығуларды кеңінен күнделікті пайдаланып дағдыға айналдыру
 - 6) Түрлі ауруларды алдын алу шараларын ұйымдастыруСөз алғандар. Ортаңғы топ тәрбиешісі сөз алды. Ортаңғы топта күнделікті таңертеңгі жаттығулар ұйымдастырылады. Таңертеңгі жаттығулар жиыны әр айда екі рет ауыстырылады. Жаттығуларды орындау алдында балалардың денесінің икемділігін дайындау үшін, шеңбер бойлап түрлі қалыпта жүру, жүгіру жаттығуларын орындалады. Содан соң жан-жақты дамытушы жаттығуларын жасатады
-бірінші бас, мойын,йық,кол бұлшықеттері

-екінші бел,кеуде бұлшықеттеріне

-үшінші тізе,аяқ бұлшықеттеріне жасалынады: әрбір жаттығулар 4-5 рет қайталанылады

«Жұлдыз» тобының тәрбиешісі Ж.Сариева сөз алды. Ал өз тобы бойынша физикалық дамуының талдауы жйында баяндады. Таңертеңгі жаттығулар жиыны ай сайын ауыстырылады. Жиынға енген таңертеңгі жаттығулар дене шынықтыру ұйымдастырылған қимыл іс-әрекет-де мотивациялық бөлімінде пысықтау мақсатымен қайталанады. Әр топтама өзгертілмей бір ай бойы жылдың жыл мезгілінде таза ауада салқын мерзімде бөлмеде өткізіледі. Таңертеңгі жаттығулар балаларға толық меңгерту мақсатымен жаттығулар түрлі жан-жануарларды еліктеу әдісімен ұйымдастырылады. Жаттығулар

Бірінші: бас, мойын, йық, ұкол бұлшықеттері

Екінші: бел, кеуде бұлшықеттеріне

Үшінші: бүксе, сан, тізе бұлшықеттеріне жасалады. Жаттығулардан соң көңілді, қызықты, қимылды ойын ұйымдастырылады.

3. Тыңдалды. бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды. Жарты жылдың оқу есебін мониторинг арқылы талдап,қорытындылады. Зпедагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес,екі рет өндірістік кеңес өткізілді. Тәрбиешілердің шығармашылық ізденістеріне орта деңгейі баға ұсынды. Тәрбиешілердің (шығармашылық ізденістеіне) бағалау индикаторлары жөнінде тәрбиешілерден есеп алады.

Сөз алғандар. Ортаңғы «Бәйшешек» топ тәрбиешісі сөз алды. Өз тобында жүргізген бағалау индикаторы бойынша балалардың деңгейін анықтап шықтым. Нәтижесінде орта деңгейде шықты. «Қарлығаш» топ тәрбиешісі сөз алды. Әр жүктемеге бағалау индикаторы бойынша балдық жүйемен бағалап шықтым. Менің тобымда орта деңгейде.

Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды. Міне, тәрбиешілер өздерін көріп отырғандай топтарымыздың деңгейі орта. Алдымыздағы жылға мұндай орта деңгейдегі балаларды жақсы, жоғары деңгейге көтеруіміз тиіс. Мұндай нәтиже ізденулеріміздің, көп еңбектенулеріңіздің арқасында яғни болатын дүние. Сондықтан, еңбектеніңіздер, оқыңыздар, ізденіңіздер-деді.

4. Тыңдалды. Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды. Ол ересек топ тәрбиешісіне «Менің отбасым» атты тақырыпта, ортаңғы топқа «Ертегілер еліне саяхат» атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті мен ертеңгілік іс-шарасын берді. Осы мамыр айында толық өтіп біруі тиіс деген ұсыныс айтты.

Шешімі:

1. Балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуының талдауы ары қарай жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  М.А.Давидбекова

Хатшы:  Ж.Сапар

«Ailin» balalar bobekjai bagshasy» ЖШС
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 4

Өткен күні:

25.03.2024ж

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
 2. Озық іс-тәжірибелерді, жаңа шыққан бағдарламаларды таныстыру.
 3. Көгалдандыру мәселесі.
 4. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін талдау.
-
1. Тыңдалды. Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуының жүзеге асырылуы жайында сөз қозғады. Балаларға этика, эстетика тақырыбында сұхбат, әңгімелер жүргізгенін тәрбиешілерден сұрап шықты. Сөз алғандар. Тәрбиеші Б.Мутиева сөз алды. Баланың айтқанын тыңдауға мүмкіндік беріп, баланы тыңдай білуді, дамытуға жағдай жасап жатырмыз. Балалардың не туралы айтып жатқанына көңіл бөліп, толығырақ тоқталып жатырмыз.
 2. Тыңдалды. Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды. Тәрбиешілерге балабақшадан шыққан озық іс-тәжірибелерді, жаңа шыққан бағдарламаларды әкеліп, таныстырды. «Балабақшадағы математикалық түсініктер» Л.С.Метменаның аударған кітабын таныстырды. Ондағы мақсат-түрлі математикалық амалдарды шешу кезеңінде бүлдіршіндер өздерінің ерік күштері мен төзімділіктерін шыңдай түседі, мақсатына жете білуі мен қолға алған ісіне соңына дейін жеткізе білу дағдыларын меңгерту. Сөз алғандар. «Қарлығаш» ересек тобының тәрбиешісі сөз алды. Мен, бұл оқулықты алдым ортаңғы топтарға арналған. Онда балалардың математикалық ой-өрістерін дамытуға бағытталған математикалық қарапайым ұғымдарының алғашқы жұмыстары жүргізіледі. Жаңа оқу жылынан бастап, математикалық түсініктер туралы сабақтар әр аптаның белгіленген күндерінде өтіледі. Баланың біліктілігіне қарай, жаңа сабақтар біртіндеп, сатылай өтіледі.
 3. Тыңдалды. Бөбекжайдың шаруа меңгерушісі сөз алды. Бөбекжайды жан жақты көгалдандыру мәселесіне тоқталды. Көктем айы келді, жер жерлерді аударып, түрлі ағаштар, гүлдер отырғызуымыз керек. Арнайы ауданнан келген бұйрықпен таныстырып шықты. Кем дегенде 20 тал егуіміз керек. Саны мен сапасы жайында мәлімет

тапсыруымыз керек.Іс шара түзіп жоспарымен ауданға тапсырылуы тиіс.

Сөз алғандар. Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды.Әр топтың бөлінген жер алаңына ағаштар,гүлдер отырғызу кіші тәрбиешілер мен тәрбиешілердің мойнында.Айдың ақырында өз есептеріңізді бересіздер.Сонымен қатар,бөлме гүлдерін толықтырыңыздар.

4.Тыңдалды.Топтарда ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеттеріне кірдім. «Балдаурен» топ тәрбиешісі іс әрекеті көңілімнен шықпады.Немқұрайлы ізденген.Көрнекіліктері оқу іс әрекетінің тақырыптарына сай келмейді.Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс әрекетіне дайын болмағандықтан,балалардың қызығушылықтары болмады.Тәрбиешіге екінші рет мұндай олқылықтың орын алмауы ескертілді.

Шешімі:

- 1.Балабақшадан шыққан озық іс тәжірибелерді жинақтап,өз тәжірибелермен алмассын.
- 2.Көгалдандыру мәселесі бойынша балабақшада түрлі жұмыстар атқарылсын.
- 3.Ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетін жүргізуде тәрбиешілері үлкен жауапкершілікпен өз жұмыстарын қарасын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  М.А.Давидбекова

Хатшы:  Ж.Сапар

«Ailin» balalar bobekjai bagshasy» ЖШС
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 5

Өткен күні:

30.05.2024

Қатысқандар: Педагогтар

Күн тәртібі

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Балабақшаның жылдық есебі (мониторинг)
- 3.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
- 4.Балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуының талдауы.Мейірбикенің есебі.
- 5.Жазғы сауықтыру жұмыстарының іс-шаралары туралы.

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайында Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды.Өткен кеңестің мәселелрінің орындалуы жайында жұмысшылар мен тәрбиешілермен сұхбаттасты.Көгалдандыру мәселесі бойынша шаруа меңгерушісі жауап берді.

Сөз алғандар. Бөбекжайдың шаруа меңгерушісі сөз алды.Балабақшада көгалдандыру мәселесі бойынша бірсыпыра жұмыстар атқарылды.20 түп әр түрлі ағаштар отырғызылды.Бөлме гүлдері топ санына байланысты 20 данадан егіліп,отырғызылды.Талдардың түптері босатылып,әктелді.

2.Тыңдалды. Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды.Ол балабақшаның жылдық атқарылған есебімен таныстырды.Бір жылда 5 пед кеңес,5 меңгеруші кеңес,4 өндірістік кеңес,2 жалпы ата аналар жиналысы өткізілді. «Физикалық қасиеттері», «Коммуникация» дағдыларын негізгі міндет етіп алдық.Бір жыл бойы осы салаларды ұйымдастыртырылған іс әрекеттерімізде жүзеге асырдық.Тәрбиешілер жыл бойы еткен жұмыстарын тапсырды.Ертеңгілік мен ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерінің бір данасын маған тапсырды.Шығармашылық жұмыстары бойынша есеп берді.Сонымен қатар,тәрбиешілердің шығармашылық құзыреттілігі бойынша мониторинг жүргізгенін айтты.Нәтижесінде,тәрбиешілердің деңгейі орта.Ол үшін көп ізденіп,еңбектенулерін ескертті.

3.Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі М.Давидбекова сөз алды.Оқу жылының басында тәрбиешілерге шығармашылық тақырыптарын бөліп берген болатынбыз.Жарты жылда жартылай талдап шықтыңыздар.Бүгінгі таңда бір жыл бойы қандай іс шаралар атқарған болсаңыздар,сол іс

шаралардың барлығы да шығармашылық тақырыптардың аясында өтілуі тиіс. Әр тәрбиеші өзінің шығармашылық тақырыптары бойынша есеп берді.

Сөз алғандар. Ш. Абдулакимова сөз алды. Мен, жыл бойына 13 ертеңгілік 2 ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетін өттім. Осылардың барлығын шығармашылық тақырыбының аясында көрсеттім.

Б/б тәрбиешісі М. Ермахан сөз алды. Мен шығармашылық тақырыбым аясында іздендім.

4. Тыңдалды: Б/б медбикесі сөз алды. Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартында мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау мәселелері мен талаптары «Физикалық қасиеттер» дағдысында нақты көрсетілген. «Физикалық қасиеттер» дағдысының мақсаты өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіну, қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиетін қалыптастыру.

«Физикалық қасиеттер дағдысының талаптары ұйымдастырылған және қимыл іс әрекеттерде жүзеге асырылады.

-дене шынықтыру

-сауықтыру шаралары (нүктелі уқалау, тынығу жаттығулары, тұзды кілемшелердің үстінен жүру, ауыз қуысын тұзды сумен шаю)

-спорттық жарыс шерулер

-күн тәртібіндегі су және ауа процедуралары

Жалпы тәрбие берудегі алғашқы алты жасқа дейінгі дене-шынықтыру тәрбиесінің лауазымдылығын ерекше атап өту қажет. Себебі, мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың ойы мен бойында денсаулықтың өмірлік жан жақты қимыл қозғалыс дайындығы мен үйлесімді физиологиялық даму негіздері қаланады. Белсенді қимыл әрекеттерге қызығушылықтары артып қимылды ойындардың, гигиеналық талаптардың ережелерін дұрыс пайдалану түсініктері қалыптасады.

Дұрыс ұйымдастырылған дене шынықтыру шаралары жас баланың ағзасы мен ішкі құрылысының жұмысын жақсартуға және аурулардың алдын алуға, дұрыс бой бітімін қалыптастыруға тиісті септігін тигізеді.

5. Тыңдалды. Бөбекжай меңгерушісі М. Давидбекова сөз алды. Құрметті, тәрбиешілер, жаз айында біздер, балабақша мектеп секілді еш демалмаймыз. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін тоқтатып, тек үш айға ойын түрде 1-2 түрінде жаздық күнделікті жоспар түзіп, жазып отыруымыз тиіс. Жаз айында атқарылатын мерекелер, туған күндер, ойын сауықтарға арнайы іс-шаралар түземіз. Жылдық жоспарда жоспарланған жұмыстарды тәрбиешілердің есіне қайта түсті.

Сөз алғандар. «Алтын дән» топ тәрбиешісі сөз алды. Жаз айында менде үш рет мектептен байланыс 1 рет серуенге шығу жоспарланған. Олар мақсатты түрде жүзеге асырылатынын айтып өтті.

тәрбиеші Ж.Сариева сөз алды. Менде 1 рет серуенге шығу, түрлі спорттық ойындар, туылған күндерді т.б жоспарланған.

Шешімі:

- 1.Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптары бойынша іздену жұмыстарын жалғастырсын.
- 2.Балалардың дене шынықтыруға дайындығының жұмыстары бір жүйеге келтірілсін.
3. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары түзіліп, бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  М.А.Давидбекова

Хатшы:  Ж.Сапар